

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысы өткізілді.

Қатысқандар: 1. Мектеп ДБІЖО Аршабаев.С.

2. Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің ұстаздар ұжымы.

Күн тәртібінде

1. 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту, әдістемелік кеңес құрамын белгілеу.

2. Пәндер бойынша жүктеме сағаттарын бөлісіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекітуге ұсыну. Тілдер апталығының өту барысын жоспарлау.

3. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге құжаттарын жинақтауға нұсқаулар беру. Жас мамандар мен тәлімгерлер жұмыс жоспарын бекіту.

4. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу жоспарын түзу және атқару жолдары. ӘБ бойынша мұғалімдердің оқушыларды пән олимпиадасына дайындау барысы жоспарлау.

5. Күнделік.kz және сынып журналдарын толтыру туралы нұсқаулық беру.

Жиналысты Мектептің ДБІЖО Аршабаев.С ашып күн тәртібіндегі мәселені талқылауға тастады. Онда бірінші мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту, әдістемелік кеңес құрамын белгілеу бойынша өз ойын айтып ұстаздар қауымына кімді әдістемелік кеңес мүшелігіне ұсынатындығын сұрады. Ұстаздар қауымы талқылай келе тілдер бірлестігінен Балқыбекова Қ, тарих география бірлестігінен Құрақбаева Ф, Физика математика бірлестігінен Назар Л, эстетикалық пәндер бірлестігінен Пернебек Н, Бастауыш пәндер бірлестігінен Базарбекова А есімді ұстаздарымызды ұсынып әдістемелік кеңес жоспарын талапқа сай деп ұсыныстарын білдіріп кетті.

Екінші мәселе бойынша сөз алған кеңес мүшесі Назар Л пәндер бойынша жүктеме сағаттарының талапқа сай әр мұғалімге 16 сағат жүктемесімен бөлінгенін құптап өз ойын білдіріп өтті. Сонымен қатар ұжымдағы әрбір ұстаздың өз деңгейінде күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекітуге ұсынғандығын құп көрді. Тілдер апталығының өту барысын жоспарлау жөнінде тілдер бірлестігінің жетекшісі Балқыбекова Қ сөз алып апталықтың жоспарымен таныстырып өтті.

Үшінші мәселеде аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге құжаттарын жинақтауда биылғы жылы мектеп директоры Стамқұлов С және биология

пәнінің мұғалімі Медетбеков Ж ағайымыздың өтетіндігі айтылды. Аталған ұстаздарымызға өз уақымен құжаттарды әкеліп өткізу тапсырылды. Жас мамандар мен тәлімгерлер жұмыс жоспарын бекіту жөнінде орыс тілінен келген жас маман Б Джумановаға Б тәлімгер ретінде Н Омарова. Тарих пәнінің жас маманы Б Мамырбековаға тәлімгер ретінде Ф Құрақбаева тәлімгер болып белгіленді.

Төртінші мәселе бойынша дарынды балалармен жұмыс жүргізу жоспарын түзу және атқару жолдары. ӘБ бойынша мұғалімдердің оқушыларды пән олимпиадасына дайындау жөнінде сөз алған Құрақбаева Ф апайымыз дарынды оқушылар бізде бар алдыңғы ондыққа кіруге мүмкіндігіміз бар екендігі ол тек еңбекпен келетіндігі туралы айтып өтті. Осы жерде олимпиадаларға дайындық жоспарлары талқыланып барлығыда бір ауыздан мақұлдап өтті.

Бесінші мәселеде Күнделік.kz және сынып журналдарын толтыру туралы нұсқаулық беру жөнінде сөз алған мектеп админі Л Назар интернеттің қосулы тұрғаны ата аналардың оқушылар мен ұстаздар қауымының толық тартылғаны туралы өз ойын айтып өтті. Бір қиыншылығы тек ата аналар уақытында балалары туралы мәліметті кеш көретіндігі туралы ойын айтып қынжылыс білдірді.

Шешім

Жиналыс талқылай келе мынадай шешім қабылдады. Қойылған ұсыныстар қанағаттанарлық деп танылсын және әрбір мәселе өз уақында тыңғылықты орындалсын.

Жиналыс төрасы:  Аршабаев.С

Хатшы:  Пернебек.Н

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысы өткізілді.

Қатысқандар: 1. Мектеп ДБІЖО Аршабаев.С.

2. Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістеме кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде

1. 1-тоқсан қорытындысы.
2. Оқушылардың мектепішілік пән олимпиадасының қорытындысы. Мұғалімдердің аудандық пән олимпиадасының қорытындысы.
3. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы. Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру және білім сапасын көтерудің тиімді әдіс-тәсілдері. (есеп)
4. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 1 жартыжылдықта атқарған жұмыстар есебі.

Жиналысты Мектептің ДБІЖО Аршабаев.С ашып күн тәртібіндегі мәселені талқылауға тастады. Онда бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп админі Назар Л 1 тоқсан қорытындысы талқыланып, барлық ұстаздар қауымы тоқсанды қорытқандығы және ешқандай кемшіліктер жоқ екендігі туралы айтты.

Екінші мәселе бойынша сөз алған төраға С.Аршабаев 1 тоқсанда олимпиада бойынша айтарлықтай жетістіктеріміз бар екендігі онда «Зерде» олимпиада - сында төрт оқушымыз екінші және үшінші орындармен марапатталғандығы және мұғалімдер олимпиадасында химия пәні мұғалімі Ж.Исаеваның үшінші орын алғандығы, сонымен қатар мұғалімдер арасындағы спартакиадада мектеп жастар командасының мүшелері футболдан бірінші орын алғандығы. Айқанат және Алтынсақадан математика пәнінен сұраныс берілгендігі жөніндеде атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша сөз алған бастауыш пәндер мұғалімі Базарбекова А сөз алып алдымен дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың жоспар жасау қажет екендігі туралы айтса, информатика пәні мұғалімі Назар Л өз есебінде білім сапасын көтеруде 300 ден астам жаңа технологияның бар екенінде атап өтті.

Төртінші мәселеде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 1 жарты - жылдықта атқарған жұмыстар есебі туралы берген мәліметтер талқыға түсті. Оқушылардың білім деңгейі қанағаттанарлық екендігі туралы айтылып, әйтседе білім сапасын арман қарай көтеру қажеттілігі сөз болды.

Шешім

Жиналыс талқылай келе мынадай шешім қабылдады. 1 тоқсан қорытындысы мен олимпиадаларға қатынасу қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы. Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, білім сапасын көтеруде түрлі технологияларды пайдалана отырып жұмыс барысы жандандырылсын.

Жиналыс төрасы:  Аршабаев.С

Хатшы:  Пернебек.Н

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысы өткізілді.

Қатысқандар: 1. Мектеп ДБІЖО Аршабаев.С.

2. Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістеме кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде

1. I жарты жылдықтағы атқарылған іс-шаралар есебі. Тарих/география, химия биология апталығының қорытындысы
2. Тілдер апталығының (қазақ, орыс, ағылшын) қорытындысы есебі.
3. Озық педагогикалық іс- тәжірибені тарату . Үздік кабинет байқауына дайындық, кабинеттердің материалдық техникалық базасын нығайту туралы
4. Пән апталықтарының қорытындысы.

Жиналысты Мектептің ДБІЖО Аршабаев.С ашып күн тәртібіндегі мәселені талқылауға тастады. Онда бірінші мәселе бойынша өзі сөз алып I жарты жылдықта атқарылған іс-шаралар, ашық сабақтар, мұғалімдермен оқушылар -дың олимпиадалық жетістіктері, оқушылар мен мектеп мұғалімдерінің спорттық олимпиадалық жетістіктері, тілдер мерекесі, 6-16 қыркүйек аралығындағы өткен А.Байтұрсыновтың туған күніне өткізілген іс-шаралар туралы айта келіп жоспарға сай жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Сонымен қатар желтоқсан айына белгіленген тарих/география, химия- биология пәндер апталығының мамыр айына ығыстырылғандығы жөнінде айтып кетті. Екінші мәселе бойынша сөз алған тілдер әдістеме бірлестігінің жетекшісі Қ. Балқыбекова 6-11 желтоқсан аралығында өткенін, Апталықта апталықтың ашылуы, «Мәңгілік ел- мәңгілік тіл» тақырыбында газет шығару, «Абайды оқы, ерінбе» тақырыбында көркем сөз оқу жарысы, Мақал-мәтел шешендік сөздер жарысы, орыс және ағылшын пән мұғалімдерінің ашық сабақтары, полиглот жарыстарымен М.Тұрлыбек апайдың «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан жетістіктері» ашық сабағы туралы баяндап өтті. Қорытынды кеш 11 желтоқсанда слайд жасау, үш тілде ән айту, ұлттық нақышта би билеу, көрініс түрінде мерекелік іс- шарамен аяқталғанын атап өтті. Үшінші мәселе бойынша сөз алған бастауыш пәндер пәндер бірлестігі жетекшісі Базарбекова А сөз алып біздің мектебімізде іс-тәжірибесін таратуға татырлық мұғалімдеріміз бар екендігі олар қазақ тілінен Г Бастықова, бастауыштан Р Жақсылықова, математикадан П Тұрғынбекова әріптестеріміз туралы айтып шықты. Бұл апайлардың оқушылары олимпиада – лардан ғылыми жобалардан аудан, облыс, республикалық байқауларда топ жарып жүргендігін мәлімдеді. Сөзін қорытындылай келе ұжым болып осы әріптестерімізге қолдау көрсетуді насихаттап өтті. Үшінші мәселеге қосымша сөз алған С.Аршабаев мектебіміздің материалдық техникалық базасының жақсы екендігі айта отырып келер тоқсанда «Үздік кабинет» байқауын өткізсек барлық кабинет жетекшілерінің қатынасуын талап етсек деп ой тастады. Кабинеттерді гүлдендіру, түрлі стендтер қою мәселесін атап өтті.

Төртінші мәселеде С.Аршабаев апталыққа қортынды жасай келе апталықтың өз деңгейінде өткенін тілдер бірлестігіне ризашылығын білдіре келіп, қанағаттанарлық деп бағалады.

Шешім

Жиналыс талқылай келе мынадай шешім қабылдады. Тілдер апталығының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Мектебіміздегі үздік педагогтарымыздың озық педагогикалық іс-тәжірибесі педагогикалық кеңесте насихатталсын. Үздік кабинет байқауына дайындық жұмыс қолға алынсын.

Жиналыс төрасы:  Аршабаев.С

Хатшы:  Пернебек.Н

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысы өткізілді.

Қатысқандар: 1. Мектеп ДБЖО Аршабаев.С.

2. Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістеме кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде

1. 3-тоқсан қорытындысы. Атқарылған іс-шаралар есебі.
2. Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген іс-шараларға, байқауларға қатысу.
3. Физика, математика пән апталығының есебі.
4. Өтілген ашық сабақтарды талдау. Аудандық облыстық пән олимпиадасының есебі.
5. Эстетикалық пән апталығының қорытындысы.
6. Педагогикалық іс-тәжірибені тарату туралы.
7. Өзін-өзі тану пәндер апталығының 10 күндігі.

Жиналысты Мектептің ДБЖО Аршабаев.С ашып күн тәртібіндегі мәселені талқылауға тастады. Онда бірінші мәселе бойынша өзі сөз алып 3-тоқсан қорытындысын талдау барысында 2-тоқсанмен салыстырғанда білім сапамыз 1 пайызға артқаны туралы мәлімдеме жасады. Атқарылған іс-шараларға тоқтала келе мектебімізде осы тоқсанда жоспарға орай физика-математика апталығы, Эстетикалық пәндер апталығы, Өзін-өзі тану пәндер апталығы жоспарланғаны туралы айтып, Эстетика пәндер апталығының белгілі себептермен кейінге қалдырылғаны туралы айтып шықты.

Екінші мәселе бойынша сөз алған тілдер әдістеме бірлестігінің жетекшісі Қ. Балқыбекова 1 наурыз күні ауданымызда өткен М.Мақатев «Айтып өткен ақында арман барма?» еске алу кеші байқауында бірінші орынмен марапатталса, осы аталған байқау бойынша Түркістан облысы бойынша екінші орынмен марапатталғаны туралы айтып өтсе, Физика математика пәндер бірлестігі жетекшісі Назар Лаура 9-сынып оқушысы Мұнайтпас Ұлтусын информатика пәні бойынша аудандық пәндік олимпиадада үшінші орынмен марапатталғаны туралы баян етті.

Үшінші мәселе бойынша сөз алған физика-математика пәндер бірлестігі жетекшісі Назар Лаура 7-11 ақпан аралығында «Әлемді бейнеленген нақты ғылымдар» тақырыбында апталықтың өткізілуі, Апталықта апталықтың ашылуы, «Математика – ғылымдар патшасы» тақырыбында бастама жасаумен басталып, практикант А.Сайранбектің алгебра пәнінен «Екі өрнектің айырмасының квадраттарға» тақырыбында ашық сабағы, Л.Назардың «Scratch бағдарлау тілі» тақырыбында ашық сабағы, Е.Артықтың «Ұшбұрыштың ауданы» тақырыбында ашық сабағы, Физика пәнінен С.Стамкүловтың «Механикалық жұмыс», О.Шәденнің «Ондық бөлшектерді санға бөлу», Т.Үмбеталиевтің «Конденсаторды тұрмыста қолданылуы» тақырыбында ашық сабақтар өткізілгені және біріктірілген

түрде Робото техника бойынша жұмыс, «Сандар патшалығында» сайыс сабағы, «Логика әлемі» сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Қорытынды кеште «XXI ғасыр көшбасшысы» апталықтың жабылуы шараларының өткені туралы мәлімет берді. С.Аршабаев апталыққа қортынды жасай келе апталықтық өз деңгейінде өткенін тілдер бірлестігіне ризашылығын білдіре келіп, қанағаттанарлық деп бағалады.

Төртінші мәселе бойынша сөз алған ДБЖО Аршабаев.С ағайымыз ұстаздарымыздың арасында аудандық мұғалімдердің пәндік олимпиада - сында химия пәнінен Исаева Жайна және орыс тілі пәні мұғалімі Есиркепова Алия апайымыздың үшінші орынмен марапатталғаны мектебіміз үшін үлкен мақтаныш екендігін айтып өтті. Сонымен қатар Эстетика пән апталығының сәуір айына қалғаны жөніндеде баяндап өтті.


Бесінші мәселе бойынша сөз алған тарих география, өзін-өзі тану әдістемелік пәндер Құрақбаева Фарида апайымыз Өзін-өзі тану пәнінің ойлағыдай өткенін 10 күндік жоспар түзілгенін жоспарға сай бірінші сыныппен 11 сынып оқушылары толығымен он күндікке ат салысқанын мәлімдеп өтті.

Шешім

Жиналыс талқылай келе мынадай шешім қабылдады. 3 тоқсан қорытындысы қанағаттанарлықпен танылсын.

2. Аудандық байқауларға оқушыларды қатыстырылу одан әрмен арттырылсын. Дарынды оқушыларымызды байқауларға қатыстырылу қолға алынсын

3. Физика математика пән апталығы Өзін-өзі тану 10 күндігі қанағаттанарлық деп танылсын. Эстетикалық пән апталығы сәуір айына шегерілсін және қайта өтілсін.

Жиналыс төрасы:  Аршабаев.С

Хатшы:

 Пернесбск.Н

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жыл 1-11 ақпан аралығында «Өзін-өзі тану: Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы» онкүндігі іс-шараларының өткізілгендігі туралы.

Қатысқандар: 1. Мектептің ДБІЖО Аршабаев.С.

2. Мектеп психологы Тленчиев.М

3. Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Маймакова.Н, Пернебек.Н, Елшібек.А

3. Өзін-өзі тану пән мұғалімдері А.Абжапбар, Н.Тұтаев, Қасымова.Г, Түркістанбаева.Г, Үйсінбаева.Ш, Мейірбекова.А, Базарбекова.А

Күн тәртібінде

1. Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінде 1-11 сыныптарда ақпан айының 1-11 жұлдызында «Өзі-өзі тану» пәнінен Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы» онкүндігі іс-шараларының өткізілгендігі туралы іс-шараларды талқылау.

Жиналысты Мектептің ДБІЖО Аршабаев.С ашып күн тәртібіндегі мәселені талқылауға тастады. Онда 1-11 сыныптарда «Өзі-өзі тану» пәнінен Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы» онкүндігі іс-шаралар өткізілгендігі туралы айтып, іс-шаралардың өтілуі карантиндік талапты сақтай отырып балаларға жүрек жылуын бере алатындай деңгейде өткізілгендігі туралы айтып өтті. Алайда азды көпті кемшіліктер болғандығы туралы баяндап кетті. Келесі кезекте сөз алған мектебіміздің әлеуметтік педагогы өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі А.Абжапбар атқарылар іс-шаралар аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің келісімімен жасалынғандығы, іс-шаралардың барлығыда «Өзі-өзі тану» бағдарламасының авторы Сара Алпыскызына арналған «Балаға жүрек жылуы» атты тақырыптық сабақтар мен педагог гуманистердің шығармалары, өмірді сүю, әрбір тұлғаның бір біріне құрметі, руханилық тақырыбында іс-шаралар негізінде өткендігін баяндап өтті.

Келесі кезекте сөз алған мектеп психологы М.Тленчиев «Баланы адам кылып өсіру» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізіп, рухани әңгімелер тақырыбында баяндама жасағандығын атап өте келе, Әлеуметтік педагог А.Абжапбардың демеушілер мен меценаттарды тарта отырып мүмкіндігі шектеулі және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан балаларға қайырымдылық акциясын өткізуі мейірімділік пен жүрек жылуын одан әрмен арттырғандығын атап өтті.

Келесі кезекте сөз алған бастауыш әдістемелік бірлестігінің жетекшісі әрі «Өзі-өзі тану» пәнінің мұғалімі Базарбекова Айнұр апайда бастауыш сыныптарда көрнекіліктерді пайдалана отырып Бағдарлама авторы Сара Алпысқызына арналған «Балаға жүрек жылуы», «Сүйіспеншілік- өмір негізі», «Алтын жүрек анамыз», «Рух қаһарманы» атты сынып сағаттарын өткізгендігін баяндап өтсе, Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері ана, мейірім, бейбітшілік және достық туралы суреттер, ашық хаттар мен қолдан жасалған бұйымдар фестивалін, көрмелер ұйымдастырғанын баяндап кетті.

Педагог ұйымдастырушы А.Елшібек өзінің «Ризамын бүгінге» атауымен флеш-моб байқауын өткізгенін, ал Н.Тұтаевтың балалардың бір-біріне достық сезімін отанға және анаға деген сүйіспеншілігін ояту мақсатында театрландырылған қойылымдар қойғанын атап өтті.

Қорытылай келе іс-шараны ұйымдастырушы А.Абжапбар өтілген іс-шараның барлығы ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Facebook және Instagram әлеуметтік парақшасында күнделікті орналастырып тұрғандығы туралы баян етті.

Шешім

Жиналыс талқылай келе мынадай шешім қабылдады. 2022 жыл 1-11 ақпан аралығында «Өзін- өзі тану: Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы» онкүндігі іс- шараларының өткізілгендігі қанағаттанарлық деп бағаланып оқушылардың өмірге деген қызығушылығы одан әрмен арттырылсын.

Жиналыс төрасы: Аршабаев.С

Хатшы: Пернебек.Н

